

әлеуметтік прогресс және халықтардың әл-ауқатын жақсарту мақсатында Тараптардың неғұрлым тығыз интеграциясын дамытуға, экономикаларының жақындай түсуіне жаңа серпін беруге батыл қадам жасай отырып, еуразиялық интеграциялық процесті дамытуға деген өз мүдделілігін растай отырып,

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Армения Республикасы басшыларының 2013 жылғы 24 қазандағы Армения Республикасының еуразиялық интеграциялық процеске қатысуы туралы Мәлімдемесін б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

олардың негізінде Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыру жүзеге асырылған халықаралық шарттар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың негізі болғандығын назарға ала отырып, Армения Республикасының көрсетілген халықаралық шарттарда көзделген міндеттемелерді орындауға дайын екендігін белгілей отырып, Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Кеден одағына және Бірыңғай экономикалық кеңістігіне Армения Республикасының қосылуы жөніндегі қажетті іс-шараларды Армения Республикасының орындағанын ескере отырып, төмендегі туралы уағдаласты:

## 1-бап

Осы Шарт арқылы Армения Республикасы 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, сондай-ақ осы Шартқа № 1 қосымшаға сәйкес тізім бойынша Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін Кеден одағының және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыру шеңберінде жасалған басқа да шарттарға қосылады және осы Шарт күшіне енген күннен бастап Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесі болады.

Армения Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және осы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген халықаралық шарттарға қосылуына байланысты осы Шартқа № 2 қосымшаға сәйкес өзгерістер е н г і з і л е д і .

Армения Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың және осы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген басқа да халықаралық шарттардың жекелеген нормаларын қолдануы осы Шартқа № 3 қосымшаға сай талаптарға және өтпелі ережелерге сәйкес және осы Шартқа № 4 қосымшаға сәйкес тізбе бойынша тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифін қолдану жөніндегі уағдаластықтар ескеріле о т ы р ы п жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Егер осы Шарт күшіне енгенге дейін Кеден одағының және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің жұмыс істеуіне байланысты мәселелер бойынша Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасында жасалған және осы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілмеген халықаралық шартқа қол қойылатын немесе ол күшіне енетін болса, Армения Республикасы бөлек хаттамаға сәйкес осындай Шарт

күшіне енген күні, бірақ осы Шарт күшіне енген күннен кейін осындай халықаралық шартқа қосылу жөніндегі міндеттемені өз мойнына алады.

## **2-бап**

Осы Шарт күшіне енген күннен бастап осы Шарттың күшіне енген күнінде қолданыста болған Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілері, сондай-ақ Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің (Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің (Кеден одағының Жоғары органының)) шешімдері, Еуразиялық экономикалық комиссияның (Кеден одағы комиссиясының) шешімдері осы Шартқа № 3 қосымшада айқындалған ережелер ескеріле отырып, Армения Республикасының аумағында қолданылуға жатады.

## **3-бап**

Армения Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымындағы мүшелігіне байланысты мәселелерді реттеу жөніндегі ережелер осы Шартқа № 3 қосымшада айқындалған.

## **4-бап**

Тауарларды және көлік құралдарын, Армения Республикасының аумағын қоса алғанда, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы болып табылмайтын аумақтар арқылы, Армения Республикасының аумағын қоса алғанда, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына өткізу ерекшеліктері осы Шартқа № 5 қосымшаға сәйкес айқындалады.

## **5-бап**

Осы Шарттың ережелерін түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты даулар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 112-бабына сәйкес шешіледі.

## **6-бап**

Осы Шарт Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіреді.

Осы Шарт ратификациялауға жатады және депозитарий оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша

хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап, бірақ 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт күшіне енген күннен кейінгі күннен соң күшіне енеді.

\_\_\_\_\_ қ. 2014 жылғы « » \_\_\_\_\_ орыс тілінде бір данада ж а с а л д ы .

Осы Шарттың төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Шарттың депозитарийі бола отырып, әр Тарапқа оның расталған көшірмесін жібереді.

*Беларусь Республикасы үшін* *Қазақстан Республикасы үшін* *Ресей Федерациясы үшін*  
*Армения Республикасы үшін*

2014 жылғы 29 мамырдағы  
Еуразиялық экономикалық одақ туралы  
шартқа Армения Республикасының  
қосылуы туралы шартқа  
№ 1 ҚОСЫМША

**Кеден одағының және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің  
шарттық-құқықтық базасын қалыптастыру шеңберінде жасалған,  
Армения Республикасы қосылатын, халықаралық шарттардың  
ТІЗБЕСІ**

1. 2008 жылғы 25 қаңтардағы Тауарлардың шығарылған елін айқындаудың  
бірыңғай ережесі туралы келісім.

2. 2008 жылғы 25 қаңтардағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы  
өткізілетін тауарлардың кедендік құнын айқындау туралы келісім (2008 жылғы 25  
қаңтардағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың  
кедендік құнын айқындау туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы  
2012 жылғы 23 сәуірдегі Хаттама редакциясында).

3. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Кеден одағының тарифтік преференцияларының  
бірыңғай жүйесі туралы хаттама.

4. 2008 жылғы 12 желтоқсандағы Тауарлардың дамушы және аз дамыған елдерден  
шығарылғанын айқындау ережесі туралы келісім.

5. 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шарт (Кеден  
одағының Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы  
2010 жылғы 16 сәуірдегі Хаттама редакциясында).

6. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден  
органдарының өзара әкімшілік көмегі туралы келісім.

7. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімі туралы келісім.

8. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынудың кейбір мәселелері, кедендік баждарды, салықтарды өндіріп алудың ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты өндіріп алынған сомаларды аудару тәртібі туралы келісім (2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынудың кейбір мәселелері, кедендік баждарды, салықтарды өндіріп алудың ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты өндіріп алынған сомаларды аудару тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2011 жылғы 19 желтоқсандағы Хаттама редакциясында).

9. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары туралы алдын ала ақпаратты ұсыну туралы және алмасу туралы келісім.

10. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдары мен өзге де мемлекеттік органдары арасында ақпарат алмасуға қойылатын талаптар туралы келісім.

11. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік баждарды төлеу мерзімдерін өзгерту негіздемелері, шарттары және тәртібі туралы келісім.

12. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағының кедендік аумағы арқылы темір жол көлігімен өткізілетін тауарлардың кедендік транзитінің ерекшеліктері туралы келісім.

13. 2010 жылғы 18 маусымдағы Жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған тауарларды кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу және оларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі туралы келісім (2010 жылғы 18 маусымдағы Жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған тауарларды кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу және оларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2011 жылғы 19 қазандағы Хаттама редакциясында).

14. 2010 жылғы 18 маусымдағы Еркін қоймалар және еркін қойманың кедендік рәсімі туралы келісім.

15. 2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдарының кедендік бақылаудың белгілі бір нысандарын қолдануынан босату туралы келісім.

16. 2010 жылғы 18 маусымдағы Жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын халықаралық тасымалдаудың көлік құралдарын, сондай-ақ жүктердің және (немесе) багажды тасымалдауды жүзеге асыратын тіркемелерді, жартылай тіркемелерді, контейнерлер мен темір жол жылжымалы құрамын Кеден одағының кедендік аумағы арқылы ішкі тасымалдау үшін пайдалану ерекшеліктері туралы келісім.

17. 2010 жылғы 18 маусымдағы Халықаралық почта жөнелтілімдерімен жіберілетін тауарларға қатысты кедендік операциялардың ерекшеліктері туралы келісім.
18. 2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері жөнiндегi келісім.
19. 2010 жылғы 5 шілдедегі Жеке тұлғалардың Кеден одағының кеден шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу тәртібі туралы шарт.
20. 2010 жылғы 5 шілдедегі Кеден одағының және Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден заңнамасын бұзғаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылықтың ерекшеліктері туралы шарт.
21. 2010 жылғы 5 шілдедегі Кеден одағына мүше мемлекеттер кеден органдарының қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша құқықтық көмегі және өзара іс-қимылы туралы келісім.
22. 2010 жылғы 19 қарашадағы Үшінші мемлекеттерден келген заңсыз еңбек көші-қонына қарсы іс-қимыл жөнiндегi ынтымақтастық туралы келісім.
23. 2011 жылғы 19 мамырдағы Көпжақты сауда жүйесі шеңберінде Кеден одағының жұмыс істеуі туралы шарт.
24. 2011 жылғы 22 маусымдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің Біріккен алқасы туралы шарт.
25. 2011 жылғы 22 маусымдағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтері өкілдіктерінің қызметі мәселелері бойынша кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісім.
26. 2011 жылғы 19 қазандағы Кеден одағына мүше мемлекеттер кеден органдарының талдау және бақылау функцияларын іске асыру үшін ақпарат алмасуды ұйымдастыру туралы келісім.
27. 2011 жылғы 19 желтоқсандағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы шарт.
28. 2012 жылғы 17 желтоқсандағы Кеден одағына мүше мемлекеттер болып табылмайтын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттермен өзара саудадағы техникалық кедергілерді жою туралы Кеден одағына мүше мемлекеттердің келісімі.
29. 2013 жылғы 24 қазандағы Есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын Кеден одағының кеден аумағы арқылы өткізу тәртібі туралы келісім.

— — — — —  
\*2011 жылғы 19 мамырдағы Көпжақты сауда жүйесі шеңберінде Кеден одағының

жұмыс істеуі туралы шарт 2012 жылғы 22 тамыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылады. Көрсетілген Шартқа Армения Республикасының қатысуы, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы шарттың № 3 қосымшасының 38-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Армения Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылуы туралы хаттамада тіркелген Армения Республикасы міндеттемелерінің Еуразиялық экономикалық одақтың басқа мүше мемлекеттеріне және жалпы Еуразиялық экономикалық одаққа қолданылуына әкеп соқпайды.

2014 жылғы 29 мамырдағы

Еуразиялық экономикалық одақ туралы  
шартқа Армения Республикасының  
қосылуы туралы шартқа  
№ 2 ҚОСЫМША

**2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасын қалыптастыру шеңберінде жасалған халықаралық шарттарға Армения Республикасының қосылуына байланысты өзгерістер енгізу туралы**

**ХАТТАМА I. 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа енгізілетін өзгерістер**

1. Кедендік әкелу баждарының (баламалы қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар) сомаларын есепке жатқызу және бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібі туралы Хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 5 қосымша):

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Кедендік әкелу баждарының сомаларын бөлу нормативтері әрбір мүше мемлекет үшін мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

|                        |   |          |
|------------------------|---|----------|
| Армения Республикасы   | – | 1,13 %;  |
| Беларусь Республикасы  | – | 4,65 %;  |
| Қазақстан Республикасы | – | 7,25 %;  |
| Ресей Федерациясы      | – | 86,97 %. |

».

40-тармақтағы «Беларусь Республикасы үшін» деген сөздер «Армения Республикасы үшін – Ереван қаласының уақытымен, Беларусь Республикасы үшін» деген сөздермен ауыстырылсын;

53-тармақтағы «Беларусь Республикасының Мемлекеттік бақылау комитеті» деген сөздер «Армения Республикасының Бақылау палатасы, Беларусь Республикасының Мемлекеттік бақылау комитеті» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Көрсетілетін қызметтер саудасы, инвестициялар құру, қызмет және инвестицияларды жүзеге асыру туралы хаттамаға (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 16 қосымша) № 2 қосымша мынадай мазмұндағы IV бөліммен толықтырылсын:

#### «IV. Армения Республикасы

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                      |                                                                                                                                                                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. Капиталдың меншік иесінің кім болып табылатынына қарамастан, Армения Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалардың ғана субсидия алуға құқығы бар                                                                                                                                                                                | 23 және 26-тармақтар | «Армения Республикасының бюджет жүйесі туралы» 1997 жылғы 21 шілдедегі № ЗР-137 Армения Республикасының Заңы, Армения Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 желтоқсандағы № 1937-Н шешімі |
| 2. Заңмен көзделген жағдайларды қоспағанда, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар жерге меншік құқығын пайдаланбайды. Жалға алу мерзімі 25 жылға деп белгіленетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қоспағанда, мемлекеттік және (немесе) муниципалдық меншік болып табылатын жер учаскелерін жалға алу мерзімі 99 жылдан аспауға тиіс. | 23 және 26-тармақтар | Армения Республикасының Конституциясы, Армения Республикасының Жер кодексі                                                                                                                |
| 3. Шет мемлекеттің заңды тұлғасы, оның ішінде коммерциялық ұйымы ғана жер қойнауын пайдаланушы бола алады.                                                                                                                                                                                                                                          | 23 және 26-тармақтар | Армения Республикасының Жер қойнауы туралы кодексі                                                                                                                                        |
| 4. Қартатанумен, геодезиямен, есеп жазбасымен және жерге орналастырумен Армения Республикасының мемлекеттік уәкілетті органнан біліктілік сертификатын алған азаматтары ғана айналыса алады.                                                                                                                                                        | 23 және 26-тармақтар | «Мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 1999 жылғы 14 сәуірдегі № ЗР-295 Армения Республикасының Заңы, Армения Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 қыркүйектегі № 1441-Н шешімі» |

3. Қаржылық көрсетілетін қызметтер жөніндегі Хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 17 қосымша):  
көрсетілген Хаттамаға № 1 қосымша мынадай мазмұндағы IV бөліммен толықтырылсын:

#### «IV. АРМЕНИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |               |   |   |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|---|---|
| 1. Мыналарға:<br>халықаралық теңіз тасымалдарына<br>халықаралық коммерциялық әуе тасымалдарына<br>халықаралық коммерциялық ғарыштық ұшыруларға<br>мыналарды:<br>жеке тұлғаларды халықаралық тасымалдауды туындайтын жауапкершілікті қоса алғанда, экспорттық (импорттық) жүктерді және оларды тасымалдайтын көлік құралдарын, тауарларды | шектеулер жоқ | - | - |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|---|---|



|                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                |              |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|
| халықаралық көлікпен тасымалдауды шарттармен, сақтандыру сертификаттардың халықаралық жүйесі «Жасыл карта»-ға қосылғаннан кейін ғана жеке көлік құралдарын трансшекаралық өткізу кезіндегі жауапкершілікті толық немесе ішінара жабатын халықаралық сақтандыруға байланысты тәуекелдерді сақтандыру. |               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | -                                                                                                                              |              |
| 2. Қайта сақтандыру және ретроцессия                                                                                                                                                                                                                                                                 | шектеулер жоқ | -                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | -                                                                                                                              | -            |
| 3. Сақтандыру агенттері мен сақтандыру брокерлерінің қызметтері                                                                                                                                                                                                                                      | шектеу        | Армения Республикасының аумағында шетелдік сақтандырушылардың атынан сақтандыру келісімшарттарын жасасуға және бөлуге байланысты сақтандыру делдалдығына рұқсат етілмейді (осы тізбенің 1-тармағында санамалап көрсетілген делдалдығына рұқсат етілмейді (осы тізбенің 1-тармағында санамаланған секторларды қоспағанда, сондай-ақ сақтандыру брокерлерінің қайта сақтандыру бойынша делдалдық қызметті жүзеге асыруын қоспағанда) | «Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы» 2007 жылғы 9 сәуірдегі № РЗ-177-Н Армения Республикасының Заңы (89 және 91-баптар) | анықталмаған |
| 4. Консультациялық және актуарийлік қызметтерді, тәуекелді бағалау мен наразылықтарды реттеу жөніндегі қызметтерді қоса алғанда, сақтандырудың қосалқы қызметтері                                                                                                                                    | шектеулер жоқ | -                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | -                                                                                                                              | -»;          |

көрсетілген хаттамаға № 2 қосымша мынадай мазмұндағы IV бөліммен толықтырылсын:

#### «IV. АРМЕНИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ

|  |                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                             |  |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|  | Армения Республикасының аумағында қаржылық көрсетілетін қызметтерді, Армения Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелетін сақтандыру агенттерін | «Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы» 2007 жылғы 9 сәуірдегі № РЗ-177-Н Армения Республикасының Заңы (8 және 87-баптар),<br>«Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2007 жылғы 9 сәуірдегі № РЗ-195-Н Армения |  |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |              |
|--------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|
| 1. № 17 қосымшаның 6 және 11-тармақтары бойынша шектеу | коспағанда, Армения Республикасында лицензияланған және тіркелген, Армения Республикасының заңнамасында белгіленген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған қаржы ұйымдары және (немесе) олардың филиалдары ұсына алады                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Республикасының Заңы (28, 103 және 175-баптар), «Инвестициялық қорлар туралы» 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № РЗ-245-Н Армения Республикасының Заңы (52-бап), «Банктер және банк қызметі туралы» 1996 жылғы 30 маусымдағы № ЗР-68 Армения Республикасының Заңы (12-бап)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | анықталмаған |
| 2. № 17 қосымшаның 6-тармағы бойынша шектеу            | шетелдік банк, шетелдік сақтандыру компаниясы, шетелдік инвестициялық компания және инвестициялық қорды шетелдік басқарушы Армения Республикасының аумағында Армения Республикасының Орталық банкіне филиалды лицензиялату және тіркету арқылы филиал құра алады                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | «Банктер және банк қызметі туралы» 1996 жылғы 30 маусымдағы № ЗР-68 Армения Республикасының Заңы (14-бап), «Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы» 2007 жылғы 9 сәуірдегі № РЗ-177-Н Армения Республикасының Заңы (47-бап), «Бағалы қағаздар нарығы туралы » 2007 жылғы 11 қазандағы № РЗ -195-Н Армения Республикасының Заңы (43-бап), «Инвестициялық қорлар туралы» 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № РЗ-245-Н Армения Республикасының Заңы (54-бап), Армения Республикасы Орталық банкінің 1-ережесі (№ 145-Н, 2005 жылғы 12 сәуір) 3/01 ережесі (N-344-Н, 2007 жылғы 30 қазан), 4/01-ережесі (N-16-Н, 2008 жылғы 15 қаңтар) | анықталмаған |
| 3. № 17 қосымшаның 6-тармағы бойынша шектеу            | міндетті зейнетақы қорын басқаруға рұқсат Армения Республикасының аумағында құрылған, зейнетақы қорларын (оның ішінде өзге де ұқсас инвестициялық қорларды) басқаруға мамандандырылған халықаралық қаржы ұйымы немесе шетелдік беделді ұйым болып табылатын, кем дегенде осындай 1 қатысушысы ( акционері) бар басқарушыға берілуі мүмкін . Бұл ретте халықаралық қаржы ұйымы ( ұйымдары) және (немесе) шетелдік беделді ұйым (ұйымдар) Армения Республикасының аумағында құрылған міндетті зейнетақы қорын басқарушының жарғылық капиталында дауыс беру құқығын беретін 50 % астам үлесті иеленуге тиіс және бұл ұйым (ұйымдар) міндетті зейнетақы қорын басқарушының стратегиясын айқындау, сондай-ақ | Армения Республикасы Орталық банкінің 10/01 ережесі (2011                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | анықталмаған |

|                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                      |              |
|---------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|
|                                             | басқарушының атқарушы органмен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру кезінде шешуші дауыс құқығына ие болуға тиіс.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | жылғы 2 мамырдағы № 116-Н) (33-тармақ)                                                                                                                                                                               |              |
| 4. № 17 қосымшаның 6-тармағы бойынша шектеу | Армения Республикасының аумағында лицензияланған және тіркелген инвестициялық компаниялар, шетелдік инвестициялық компаниялардың филиалдары және банктер бағалы қағаздарды сақтаушы ретінде әрекет ете алады. Тек банк (Армения Республикасының аумағында лицензияланған және тіркелген) инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарын сақтаушы ретінде әрекет ете алады                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | «Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2007 жылғы 11 қазандағы № РЗ-195-Н Армения Республикасының Заңы (27-бап), «Инвестициялық қорлар туралы» 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № РЗ-245-Н Армения Республикасының Заңы (86-бап) | анықталмаған |
| 5. № 17 қосымшаның 6-тармағы бойынша шектеу | реттелетін нарық (биржа) операторы және Орталық депозитарий акционерлік қоғам түрінде ғана құрыла алады                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | «Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2007 жылғы 11 қазандағы № РЗ-195-Н Армения Республикасының Заңы (103, 175-баптар)                                                                                                    | анықталмаған |
| 6. № 17 қосымшаның 6-тармағы бойынша шектеу | Армения Республикасының заңнамасына сәйкес Орталық депозитарий мәртебесін алған ұйым, Армения Республикасының заңнамасына сәйкес Орталық депозитарий функциясын жүзеге асыратын Армения Республикасы аумағындағы жалғыз ұйым болып табылады                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | «Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2007 жылғы 11 қазандағы № ЗР-195-Н Армения Республикасының Заңы (175-бап)                                                                                                            | анықталмаған |
| 7. № 17 қосымшаның 6-тармағы бойынша шектеу | автокөлік құралдарын пайдаланудан туындайтын, жауапкершілікті міндетті сақтандыруды (ЖМС) жүзеге асыратын сақтандыру компаниялары бюросы пайдалу мақсатын көздемейтін заңды тұлғалар одағының ұйымдық-құқықтық нысанына ие болады. Бюро қызметінің мақсаты жәбірленуші адамдардың мүдделерін қорғау және ЖМС жүйесінің тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Бюро өзін-өзі реттейтін жалғыз ұйым болып табылады, «Автокөлік құралдарын пайдаланудан туындайтын жауапкершілікті міндетті сақтандыру туралы» Армения Республикасының Заңына сәйкес ЖМС жүзеге асыруға құқығы бар сақтандыру компаниялары, ал көрсетілген Заңда көзделген жағдайларда – Армения Республикасының Орталық банкі де оның мүшелері болып табылады | «Автокөлік құралдарын пайдаланудан туындайтын жауапкершілікті міндетті сақтандыру туралы» 2010 жылғы 18 мамырдағы № РЗ-63-Н Армения Республикасының Заңы (3 және 28-баптар)                                          | анықталмаған |
| 8. № 17 қосымшаның 6-тармағы бойынша шектеу | депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым пайдалу мақсатын көздемейтін заңды тұлға болып табылады және Армения Республикасының Орталық банкі оның құрылтайшысы болып табылады                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | «Жеке тұлғалардың банк салымдарын өтеуге кепілдік беру туралы» 2004 жылғы 24 қарашадағы № РЗ-142-Н Армения Республикасының Заңы (17-бап)                                                                             |              |

|                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                               |              |
|------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|
| 9. № 17 қосымшаның 6-тармағы бойынша шектеулер | кредиттік бюро акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық мамандандырылған ұйым болып табылады, оның Армения Республикасының Орталық банкі берген лицензияның негізінде кредиттік ақпаратты және оған қажетті басқа да мәліметтерді жинау, кредит тарихын жасау, ресімдеу, сақтау және солардың негізінде кредиттік баяндаманы жасау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқығы бар | «Кредиттік ақпарат айналымы және кредиттік бюролардың қызметі туралы» 2008 жылғы 22 қазандағы № ЗР-185-Н Армения Республикасының Заңы (3-бап) | анықталмаған |
|------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|

4. Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 20 қосымша):  
көрсетілген Хаттамаға № 1 қосымшада:

«Армения Республикасы» деген бесінші бағанмен толықтырылып, оған мынадай мәтін енгізілсін:

2-позицияда: «Электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер»;

3-позицияда: «Электр энергетикасы жүйесінің операторы көрсететін қызметтер»;

4-позицияда: «Темір жол инфрақұрылымын пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтер»;

көрсетілген Хаттамаға № 2 қосымшада:

«Армения Республикасы» деген бесінші бағанмен толықтырылып, оған мынадай мәтін енгізілсін:

1-позицияда: «Табиғи газды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтер; табиғи газды тарату жөніндегі көрсетілетін қызметтер; газбен жабдықтау жүйесінің операторы көрсететін қызметтер»;

5-позицияда: «Бәсекесіз сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі көрсетілетін қызметтер»;

мынадай мазмұндағы 10 және 11 позициялармен толықтырылсын:

«

|     |  |  |  |                                                         |
|-----|--|--|--|---------------------------------------------------------|
| 10. |  |  |  | Электр энергиясын бөлу жөніндегі көрсетілетін қызметтер |
| 11. |  |  |  | Есеп орталығы көрсететін қызметтер                      |

».

5. Өнеркәсіптік субсидиялар берудің бірыңғай қағидалары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 28 қосымша):

2-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«әкімшілік-аумақтық бірліктер» - Армения Республикасының, Беларусь Республикасының (Минск қаласын қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының (Астана және Алматы қалаларын қоса алғанда) әкімшілік-аумақтық бірліктері, Ресей

Федерациясының субъектілері мен муниципалдық құрылымдары;»; көрсетілген Хаттамаға қосымша мынадай мазмұндағы IV бөліммен толықтырылсын :

#### **«IV. Армения Республикасы**

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                               |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------|
| Жеткілікті қайта өңдеу критерийлеріне сәйкес армяндық деп танылған тауарларды «Еркін экономикалық аймақтар туралы» 2011 жылғы 18 маусымдағы Армения Республикасының Заңына, Армения Республикасы Үкіметінің «Шығарылған елдің сертификаттарын беру және сараптама жүргізу тәртібін бекіту туралы» 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 1772-Н қаулысына, 2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері жөніндегі келісімге, 2010 жылғы 18 маусымдағы Еркін қоймалар және еркін қойманың кедендік рәсімі туралы келісімге сәйкес еркін экономикалық аймақтар аумағынан және еркін қомалар аумағынан Кеден одағының кедендік аумағының қалған бөлігіне әкету кезінде кедендік баждар мен салықтардан босату | 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін). |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------|

6. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 29 қосымша) 2-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«әкімшілік-аумақтық бірліктер» – Армения Республикасының, Беларусь Республикасының (Минск қаласын қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының (Астана және Алматы қалаларын қоса алғанда) әкімшілік-аумақтық бірліктері, Ресей Федерациясының субъектілері мен муниципалдық құрылымдары;».

#### **II. Кеден одағының және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық негізін қалыптастыру шеңберінде жасалған халықаралық шарттарға енгізілетін өзгерістер**

7. 2009 жылғы 27 қарашадағы Кеден одағының кеден кодексі туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Кеден одағының кеден кодексі 2-бабының 1-тармағы «Беларусь Республикасы» деген сөздердің алдынан «Армения Республикасы,» деген сөздермен толықтырылсын.

8. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдары мен өзге де мемлекеттік органдары арасында ақпарат алмасуға қойылатын талаптар туралы келісімнің 4-бабы екінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Армения Республикасынан – Армения Республикасының Қаржы министрлігі;».

9. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден баждарын төлеу мерзімдерін өзгертудің негіздері, шарттары және тәртібі туралы келісімнің 4-бабы 1-тармағының екінші абзацында «Беларусь Республикасында» деген сөздер «Армения Республикасында, Беларусь Республикасында» деген сөздермен ауыстырылсын.

10. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары туралы алдын ала ақпаратты ұсыну туралы және алмасу туралы келісімнің 1-бабының бірінші абзацы «кеден органы-» деген сөздерден кейін «Армения Республикасының Қаржы министрлігі,» деген сөздермен толықтырылсын.

11. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсынудың кейбір мәселелері, кедендік баждарды, салықтарды өндіріп алудың ерекшеліктері және осындай тауарларға қатысты өндіріп алынған соманы аудару тәртібі туралы келісімде:

2 - б а п т а :

бесінші абзац «орталық кеден органдары» - » деген сөздерден кейін «Армения Республикасының Қаржы министрлігі,» деген сөздермен толықтырылсын;  
алтыншы абзац «Тараптардың мемлекеттік органдары - » деген сөздерден кейін «Армения Республикасының орталық мемлекеттік органдары,» деген сөздермен толықтырылсын;

9-баптың төртінші абзацы «Беларусь Республикасында» деген сөздердің алдынан «Армения Республикасында,» деген сөздермен толықтырылсын;

2-қосымшадағы «1» белгісі бар сілтеме мынадай редакцияда жазылсын:

«1 Егер Армения Республикасының кеден органы, Беларусь Республикасының кеден органы немесе Қазақстан Республикасының кеден органы Сертификатты тіркеуші кеден органы болып табылса, мұндай кеден органының коды мынадай ерекшеліктерді ескере отырып көрсетіледі:

Армения Республикасы үшін – 051000 және одан әрі кеден органдарының сыныптауышына сәйкес кеден органының коды (05100000);

Беларусь Республикасы үшін – 112 және одан әрі кеден органдарының сыныптауышына сәйкес кеден органының коды (11200000);

Қазақстан Республикасы үшін – 398 және одан әрі кеден органдарының сыныптауышына сәйкес кеден органының коды (39800000).».

12. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімі туралы келісімнің 2-бабы «мақсаттары үшін:» деген сөздерден кейін «Армения Республикасынан – Армения Республикасының Қаржы министрлігі,» деген сөздермен толықтырылсын.

13. 2010 жылғы 21 мамырдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдарының өзара әкімшілік көмегі туралы келісімнің 2-бабы:

1-тармақтың бірінші абзацынан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Армения Республикасы үшін – Армения Республикасының Қаржы министрлігі,»;

2-тармақтың бірінші абзацынан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«Армения Республикасы үшін – кедендер;».

14. 2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдарының кедендік бақылаудың белгілі бір нысандарын қолданудан босату туралы келісімнің 2-бабы 4) тармақшадағы «депутаттарының жеке багажы кедендік тексеріп қараудан босатылады.» деген сөздер «депутаттарының;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5) егер көрсетілген адамдар кедендік шекарадан қызметтік міндеттерін орындауға байланысты өтетін болса, Армения Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының, Армения Республикасы Конституциялық соты Төрағасының, Армения Республикасы Кассациялық соты Төрағасының, Армения Республикасы Бас прокурорының, Армения Республикасы Орталық банкі Төрағасының, Армения Республикасы Президентінің күзет қызметі бастығының жеке багажы кедендік тексеріп қараудан босатылады.».

15. 2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік рәсімі мәселелері жөніндегі келісімде:

10-баптың 2-тармағының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Еркін кедендік аумақтың кедендік рәсімімен Беларусь Республикасында, Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін және Армения Республикасында 2016 жылғы 1 желтоқсанға дейін тіркелген резиденттер орналастырған шетел тауарларын пайдалана отырып дайындалған (алынған) тауарлардың мәртебесін айқындау осы баптың 3 және 4-тармақтарының ережелері ескеріле отырып, осы Келісімнің 19-бабына сәйкес 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін жүзеге асырылады.»;

Келісімнің 23-бабында:

1-тармақ «Беларусь Республикасында» деген сөздердің алдынан «Армения Республикасында,» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ «кеден мақсаттары үшін» деген сөздерден кейін «Армения Республикасында отандық тауарлардың,» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың екінші абзацы «шығарылған жері кеден одағына мүше мемлекеттер екендігі» деген сөздерден кейін «Армения Республикасы үшін СТ-1 нысанды тауардың шығарылған жері туралы сертификатпен,» деген сөздермен толықтырылсын.

16. 2010 жылғы 18 маусымдағы Еркін қоймалар және еркін қойманың кедендік рәсімі туралы келісімде:

8-баптың 2-тармағының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Иесі Беларусь Республикасында, Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін және Армения Республикасында 2016 жылғы 1 желтоқсанға дейін еркін қоймалар иелерінің тізіліміне енгізілген еркін қоймаға еркін қойманың кедендік рәсімімен орналастырылған шетел тауарларын

пайдалана отырып дайындалған (алынған) тауарлардың мәртебесін айқындау, егер мұндай тауарлар кеден одағының кедендік аумағынан тысқары әкетілмесе, осы Келісімнің 16-бабына сәйкес осы баптың 3 және 4-тармақтарының ережелері ескеріле отырып, 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін жүзеге асырылады.»;

#### 1 9 - б а п т а :

1-тармақ «Беларусь Республикасында,» деген сөздердің алдынан «Армения Республикасында,» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ «кеден мақсаттары үшін» деген сөздерден кейін «Армения Республикасында отандық тауарлардың,» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың екінші абзацы Кеден одағына мүше мемлекеттерден шығу тегі» деген сөздерден кейін «Армения Республикасы үшін СТ-1 нысанды тауардың шығу тегі туралы сертификатпен,» деген сөздермен толықтырылсын.

17. 2010 жылғы 18 маусымдағы Жеке тұлғалардың жеке пайдалануына арналған тауарларды кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу және оларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі туралы келісімде:

6-тармақтың екінші абзацы «атап айтқанда,» деген сөздерден кейін «Армения тарапынан - Армения Республикасының Қаржы министрлігі,» деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген Келісімге 2-қосымшаның 2 бөлімінің 4.3-тармағы «өткізу шектелген,» деген сөздерден кейін «Армения Республикасының,» деген сөздермен толықтырылсын.

18. 2010 жылғы 18 маусымдағы Халықаралық почта жөнелтілімдерімен жіберілетін тауарларға қатысты кедендік операциялардың ерекшеліктері туралы келісімнің 3-б а б ы н д а :

төртінші абзац «атап айтқанда:» деген сөздерден кейін «Армения тарапынан – Армения Республикасының Қаржы министрлігі,» деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзац «атап айтқанда:» деген сөздерден кейін «Армения тарапынан – Армения Республикасының Қаржы министрлігі,» деген сөздермен толықтырылсын.

19. 2010 жылғы 5 шілдедегі Кеден одағына мүше мемлекеттер кеден органдарының қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша құқықтық көмегі және өзара іс-қимылы туралы келісімнің 1-бабы 2-тармағының бірінші абзацы «Беларусь Республикасының атынан -» деген сөздердің алдынан «Армения Республикасының атынан - Армения Республикасының Қаржы министрлігі,» деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

20. 2010 жылғы 5 шілдедегі Кеден одағының және Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден заңнамасын бұзғаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауаптылықтың ерекшеліктері туралы шарттың 14-бабының төртінші абзацы «күнінен бастап» деген сөздерден кейін «, егер Тараптардың келісімімен өзгеше көзделмесе,» деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

21. 2010 жылғы 5 шілдедегі Кедендік одағына мүше мемлекеттер кеден



органдарының қылмыстық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша құқықтық көмегі және өзара іс-қимылы туралы келісімнің 17-бабының төртінші абзацы «күнінен бастап» деген сөздерден кейін «, егер Тараптардың келісімімен өзгеше көзделмесе,» деген сөздермен толықтырылсын.

22. 2011 жылғы 19 қазандағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден органдарының талдау және бақылау функцияларын іске асыру үшін ақпарат алмасуды ұйымдастыру туралы келісімнің 1-бабы екінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Армения Республикасы үшін – Армения Республикасының Қаржы министрлігі;».

23. 2010 жылғы 19 қарашадағы Үшінші мемлекеттерден келген заңсыз еңбек көші-қонына қарсы іс-қимыл жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімнің 15-бабы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Тараптар осы Келісімге қосылудың өзге де тәртібін айқындауы мүмкін.».

2014 жылғы 29 мамырдағы  
Еуразиялық экономикалық одақ туралы  
шартқа Армения Республикасының  
қосылуы туралы шартқа  
№ 3 ҚОСЫМША

## **Шарттар және өтпелі ережелер I. Армения Республикасынан Еуразиялық экономикалық комиссия**

### **Алқасының мүшелерін тағайындауға байланысты мәселелер**

1. Армения Республикасынан Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының мүшелерін алғаш тағайындаған кезде олар өздерінің функцияларын 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт күшіне енгенге дейін Беларусь Республикасынан, Қазақстан Республикасынан және Ресей Федерациясынан Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының мүшелері тағайындалған өкілеттіктер мерзімі аяқталғанға дейін, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 99-бабы 3-тармағының төртінші абзацында айқындалғандай орындайды.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген мерзімде Армения Республикасын Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасында оларға сала жүргізуді бекітпей бір дауысқа ие Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының үш мүшесі ұсынылды.

## **II. Кедендік әкелу баждары (баламалы қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар) және арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары сомаларын есепке алу мен бөлуге байланысты мәселелер**

2. Кедендік әкелу баждарының (баламалы қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар) сомаларын есепке жатқызу және бөлу, оларды мүше мемлекеттер бюджеттерінің кірісіне аудару тәртібі туралы хаттаманы (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 5 қосымша) және Арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есепке жатқызу және бөлу туралы ережені (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 8 қосымшада) Армения Республикасы 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) күшіне енген айдан кейінгі айдың 1-ші күнінен бастап қолданады.

### **III. Кедендік құқық қатынастары мәселелері Кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын адамдарға және өзге де адамдарға қатысты бөлігінде**

3. Кедендік делдалдар (брокерлер), кедендік тасымалдаушылар, кеден қоймаларында сақтауды жүзеге асыратын адамдар, Армения Республикасында Шарт күшіне енгенге дейін құрылған бажсыз сауда дүкендерін ашатын адамдар Шарт күшіне енген күннен бастап тиісінше кеден өкілдері, кедендік тасымалдаушылар, кеден қоймаларының иелері, бажсыз сауда дүкендерінің иелері болып танылады және Шарт күшіне енгенге дейін Армения Республикасының заңнамасында белгіленген шарттарда:

кедендік делдалдар (брокерлер), кеден қоймаларында сақтауды жүзеге асыратын адамдар және бажсыз сауда дүкендерін ашатын адамдар – Шарт күшіне енген күннен б а с т а п 1 8 а й д ы ң і ш і н д е ;

кедендік тасымалдаушылар – Шарт күшіне енген күннен бастап 6 айдың ішінде кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Кеден өкілдері, кедендік тасымалдаушылар, кеден қоймаларының иелері, уақытша сақтау қоймаларының иелері, уәкілетті экономикалық операторлар 2009 жылғы 29 қарашадағы Кеден одағының Кеден кодексі туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Кеден одағының Кеден кодексіне (бұдан әрі – Кеден одағының Кеден кодексі), өзге де кедендік құқық қатынастарын реттейтін халықаралық шарттарға және Одақ құқығын құрайтын басқа да актілерге сәйкес Шарт күшіне енгеннен кейін Армения Республикасында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес белгіленетін валюталар бағамы бойынша 1 миллион еуродан кем емес баламалы сомаға кеден баждарын, салықтарын төлеуді қамтамасыз етуді ұсынбастан, ондай қамтамасыз етуді ұсыну күніне және (немесе) өз азаматтық жауапкершілігінің тәуекелін сақтандыру шартының болуынсыз:

кеден өкілдері, кеден қоймаларының иелері және уақытша сақтау қоймаларының иелері – Шарт күшіне енген күннен бастап 18 айдың ішінде;

кедендік тасымалдаушылар және уәкілетті экономикалық операторлар – Шарт

күшіне енген күннен бастап 6 айдың ішінде құрылады.

4. Шарт күшіне енгенге дейін Армения Республикасында құрылған кедендік тасымалдаушылар Кеден одағының Кеден кодексінде, өзге де кедендік құқық қатынастарын реттейтін халықаралық шарттарда және Кеден одағы Кеден кодексі 18-бабының 4-тармағына сәйкес өз мәртебесін растаусыз Еуропалық экономикалық Одақтың құқығын құрайтын басқа да актілерде белгіленген жағдайларда және шарттарда және көрсетілген кедендік тасымалдаушыларды Еуразиялық экономикалық комиссия қалыптастыратын кедендік тасымалдаушылардың жалпы тізіліміне енгізу туралы ақпаратты және кедендік тасымалдаушы ретінде қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын құжаттың көшірмесі болған жағдайда Шарт күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағы бойынша кедендік бақылаудағы тауарларды тасымалдауды жүзеге асыруға құқылы.

Армения Республикасының кеден органдары Шарт күшіне енгенге дейін Еуразиялық экономикалық комиссияға кедендік тасымалдаушылардың жалпы тізілімін қалыптастыру үшін Армения Республикасында құрылған кедендік тасымалдаушылардың тізілімдерін ұсынады.

5. Армения Республикасы үшін заңды тұлғаларды кеден өкілдері тізіліміне және кедендік тасымалдаушылар тізіліміне, уақытша сақтау қоймаларының тізіліміне, кеден қоймалары тізіліміне енгізу үшін шарт ретінде азаматтық жауапкершілік тәуекелін сақтандыру шартының болуы және кеден баждарын, салықтарды төлеуді қамтамасыз етуді ұсыну және заңды тұлғаларға уәкілетті экономикалық операторлар мәртебесін беру бөлігінде Кеден одағының Кеден кодексінің 13, 19, 24, 29 және 39-баптарының е р е ж е л е р і :

Кеден одағы Кеден кодексінің 13, 24 және 29-баптарының ережелері – Шарт күшіне енген күннен бастап 18 ай өткен соң;

Кеден одағы Кеден кодексінің 19 және 39-баптарының ережелері Шарт күшіне енген күннен бастап 6 ай өткен соң күшіне енеді.

## **Кедендік операцияларды жасау ерекшеліктеріне қатысты бөлігінде**

6. Шарт күшіне енгенге дейін кеден органдарының жауапты сақтауына орналастырылған кедендік бақылаумен Армения Республикасындағы тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап уақытша сақтауға орналастырылған болып есептеледі және осы тауарларға қатысты осы қосымшаның 7-тармағын ескере отырып, Кеден одағы Кеден кодексінің, өзге де құқық қатынастарын реттейтін халықаралық шарттар мен Еуропалық экономикалық одақтың құқығын құрайтын басқа да актілердің ережелері қ о л д а н ы л а д ы .

7. Осы қосымшаның 6-тармағында көрсетілген тауарларды уақытша сақтау мерзімі Шарт күшіне енген күннен бастап есептелінеді.

8. Армения Республикасындағы Шарт күшіне енген күнге кеден органдарының жауапты сақтауына орналастырылған кедендік бақылаумен және тауарларға қатысты кеден декларациясы кеден органына Шарт күшіне енген күннен бастап есептелінетін уақытша сақтау мерзімі аяқталғанға дейін берілуге тиіс.

9. Шарт күшіне енгенге дейін Армения Республикасының кеден органы қабылдаған кеден декларациясына қатысты тауарлар кеден органының сол кеден декларациясын қабылдаған күні Армения Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда мәлімденген кеден режиміне орналастырылуға жатады.

### **Тауарларды кедендік бақылаумен тасымалдаудың ерекшеліктеріне қатысты бөлігінде**

10. Шарт күшіне енгенге дейін Армения Республикасының кеден органы транзиттік декларациялар функциясын орындайтын өткізу парақтары қабылданған тауарларға қатысты кеден транзитіне рұқсат беруі Армения Республикасының кеден органы осы өткізу парақтарын қабылдау күніне Армения Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырады, ал Армения Республикасының аумағы арқылы тасымалдау кедендік бақылаумен жүзеге асырады және аяқтайды.

11. Армения Республикасының кеден органы Шарт күшіне енгенге дейін транзитке рұқсат берілген тауарларға қатысты кедендік бақылаумен Армения Республикасының аумағы арқылы тасымалдауды кеден транзитіне рұқсат берілген күні Армения Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырады және аяқтайды.

### **Тауарлардың мәртебесі және кедендік рәсімдерге қатысты бөлігінде**

12. Армения Республикасының аумағында орналасқан және Шарт күшіне енгенге дейін еркін айналым, кері импорт және мемлекеттің пайдасына жеке меншік құқығынан бас тарту үшін кедендік әкелу режимдеріне орналастырылған тауарлар тиісінше ішкі тұтыну, кері импорт және мемлекет пайдасына бас тарту үшін кедендік шығарылу рәсімдеріне орналастырылған деп есептеледі және Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары деп танылады. Осы тауарларға қатысты Кеден одағының Кеден кодексінің, өзге де кедендік құқық қатынастарын реттейтін халықаралық шарттар мен Еуразиялық экономикалық Одақ құқығын құрайтын басқа да актілердің ережелері қолданылады.

13. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасында (ЕАЭО СЭҚ ТН) 8702, 8703 және 8704 тауар позицияларында жіктелген жеңіл автомобильдер және басқа да моторлы көлік құралдарына қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифімен (ЕАЭО БКТ) белгіленгенінен ерекшеленетін мөлшерлемелер бойынша

оларға қатысты кедендік баждар төленген, Армения Республикасының аумағына үшінші елдерден әкелінген және Шартқа қол қойылғаннан кейін еркін айналым үшін кедендік әкелу режиміне немесе ішкі тұтыну үшін шығарылымның кедендік рәсіміне орналастырылған ЕАЭО СЭҚ ТН 8702, 8703 және 8704 тауар позицияларында жіктелген жеңіл автомобильдер және басқа да моторлы көлік құралдары Беларусь Республикасында, Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында:

кедендік баждардың төленген сомаларының және ЕАЭО СЭҚ ТН 8702, 8703 және 8704 тауар позицияларында жіктелген жеңіл автомобильдер және басқа да моторлы көлік құралдарына қатысты ЕАЭО БКТ белгіленген мөлшерлемелер бойынша төленуге тиіс кедендік баждар сомаларының айырмасы мөлшеріндегі кедендің баждарды төлегенге дейін ;

Армения Республикасы ЕАЭО СЭҚ ТН 8702, 8703 және 8704 тауар позицияларында жіктелген жеңіл автомобильдерді және басқа да моторлы көлік құралдарына қатысты ЕАЭО БКТ белгіленген мөлшерлемелерді қолдануды бастағаннан кейін 3 жыл өткенге дейін шетелдік тауарлар болып танылады.

Осы тармақтың күші оларға қатысты ЕАЭО БКТ белгіленген мөлшерлемелер бойынша кедендік баждар төленген, осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тауарларға қолданылмайды.

14. Еркін айналым үшін әкетудің кедендік режиміне Шарт күшіне енгенге дейін Армения Республикасында орналастырылған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап экспорттың кедендік рәсіміне орналастырылған деп танылады және бұл тауарларға қатысты кеден одағының Кеден кодексінің, өзге де кедендік құқық қатынастарын реттейтін халықаралық шарттар мен Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын басқа да актілердің ережелері қолданылады.

15. Шарт күшіне енген күннен бастап қайта өңдеу үшін уақытша әкелудің және қайта өңдеу үшін уақытша әкетудің кедендік режимдеріне Шарт күшіне енгенге дейін Армения Республикасында орналастырылған тауарлар кеден аумағында қайта өңдеудің , кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік рәсімдеріне сәйкес орналастырылған деп танылады. Осы тауарларға қатысты, сондай-ақ мұндай тауарларды қайта өңдеу бойынша операцияларды жасау нәтижесінде Шарт күшіне енгенге дейін алынған тауарларға қатысты осы қосымшаның 16 - 20 тармақтарын ескере отырып, Кеден одағы Кеден кодексінің, өзге де кедендік құқық қатынастарын реттейтін халықаралық шарттар мен Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын басқа да актілердің ережелері қолданылады.

16. Осы қосымшаның 15-тармағында көрсетілген кедендік рәсімдер тиісінше Кеден одағы Кеден кодексінің 243 және 256-баптарында көзделген мерзімдердің шегінде тауарларды қайта өңдеу мерзімдерін ұзарту мүмкіндігін ескере отырып, тиісті кедендік режимдерге тауарларды орналастыру кезінде белгіленген мерзімдер аяқталғанға дейін қолданылады.

17. Армения Республикасының аумағынан Кеден одағына мүше мемлекеттің бірінің аумағына шығарылған тауарларға қатысты Шарт күшіне енгенге дейін Армения Республикасында қолданылған қайта өңдеу үшін уақытша әкетудің кедендік режимі Шарт күшіне енген күннен бастап өз қолданысын тоқтатады. Осы кедендік режимге орналастырылған тауарлар, сондай-ақ осындай тауарларды қайта өңдеу бойынша операциялар жасау нәтижесінде алынған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары деп танылады.

18. Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Армения Республикасының аумағына әкетілген Кеден одағының тауарларына Шарт күшіне енгенге дейін Кеден одағына мүше мемлекеттерде қолданылған кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік рәсімдері Шарт күшіне енген күннен бастап өз қолданысын тоқтатады. Осы кедендік рәсімге орналастырылған тауарлар, сондай-ақ осындай тауарларды қайта өңдеу бойынша операциялар жасау нәтижесінде алынған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары деп танылады.

19. Армения Республикасының аумағына Кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан әкелінген тауарларға Шарт күшіне енгенге дейін Армения Республикасында қолданылған қайта өңдеу үшін уақытша әкелудің кедендік режимі Шарт күшіне енген күннен бастап өз қолданысын тоқтатады. Осы кедендік режиміне орналастырылған тауарлар, сондай-ақ осындай тауарларды қайта өңдеу бойынша операцияларды жасау нәтижесінде алынған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары деп танылады.

20. Олардың қайта өңделген өнімдерін үшінші елдердің аумағынан Кеден одағына бір мүше мемлекеттің аумағына кейіннен әкету үшін Армения Республикасының аумағына әкелінген тауарларға Шарт күшіне енгенге дейін Армения Республикасында қолданылған қайта өңдеу үшін уақытша әкелудің кедендік режимі 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау қағидасы туралы келісімде белгіленген жеткілікті қайта өңдеу критерийлеріне сәйкес Армения Республикасынан шығарылған тауарларды, тауарлардың қайта өңдеу мерзімі аяқталғанға дейін, бірақ 2016 жылдың 1 қаңтарынан кешіктірмей, қайта өңдеу үшін уақытша әкелудің кедендік режиміне орналастырылған тауарлардың қайта өңделген өнімдерін тану шартымен, ондай тауарларды және Кеден одағының Кеден кодексі белгілеген кедендік рәсіміне мұндай тауарларды қайта өңдеу бойынша операциялар жасау нәтижесінде алынған тауарларды орналастырмастан, өзінің қолданысын тоқтатады. Бұл ретте қайта өңдеу үшін уақытша әкелудің кедендік режиміне орналастырылған тауарлар және осындай тауарларды қайта өңдеу операциялары нәтижесінде алынған тауарлар Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары деп танылады.

21. Шарт күшіне енгенге дейін Кеден одағына мүше мемлекеттерде Армения Республикасының аумағынан әкелінген тауарларға қолданылған кеден аумағындағы

қайта өңдеудің кедендік рәсімдері Шарт күшіне енген күннен бастап өзінің қолданысын тоқтатады. Осындай кедендік режимдерге орналастырылған тауарлар және осындай тауарларды қайта өңдеу бойынша операцияларды жасау нәтижесінде алынған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары деп танылады.

22. Шарт күшіне енгенге дейін Армения Республикасында кеден қоймасына әкелудің немесе бос кеден қоймасына әкелудің кедендік режимдерге орналастырылған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап экспорттың кедендік рәсіміне сәйкес әкетуге арналған тауарларды қоспағанда, кеден қоймасының кедендік рәсіміне орналастырылған деп танылады және бұл тауарларға қатысты осы қосымшаның 23-тармағын ескере отырып, Кеден одағының Кеден кодексінің, өзге де кедендік құқық қатынастарын реттейтін халықаралық шарттар мен Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын басқа да актілердің ережелері қолданылады.

23. Шарт күшіне енгенге дейін экспорттың кедендік рәсіміне сәйкес және кеден қоймасына әкелудің немесе бос кеден қоймасына әкелудің кедендік режимдеріне орналастырылған, экспорттың кедендік рәсіміне сәйкес Армения Республикасының аумағынан әкетуге арналған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап 6 ай бойы кеден қоймаларында сақталады.

Кеден қоймасының кедендік рәсімі Кеден одағының Кеден кодексінің 231-бабында айқындалған мерзімдерде ұзарту мүмкіндігін ескере отырып, тауарларды кеден қоймасына әкелудің немесе бос кеден қоймасына әкелудің кедендік режимдеріне орналастыру кезінде белгіленген сақтау мерзімдері аяқталғанға дейін қолданылады.

24. Шарт күшіне енгенге дейін уақытша әкелу және уақытша әкету кедендік режимдеріне орналастырылған тауарлар Шарт күшінен енген күннен бастап уақытша әкелу (рұқсат) және уақытша әкету кеден рәсімдеріне сәйкес орналастырылған деп танылады. Бұл тауарларға қатысты осы тармақтың екінші және үшінші абзацтарын ескере отырып, Кеден одағының Кеден кодексінің, кедендік құқық қатынастарын реттейтін өзге де халықаралық шарттар мен Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын өзге де актілердің ережелері қолданылады.

Шарт күшіне енгенге дейін уақытша әкелу кедендік режиміне орналастырылған тауарларға қатысты кедендік баждарды, салықтарды төлеуден толықтай шартты түрде босату қолданылады.

Уақытша әкелу (рұқсат) кедендік рәсімі Кеден одағының Кеден кодексінің 280-бабында көзделген мерзімдер шегінде ұзарту мүмкіндігін ескере отырып, уақытша әкелудің кедендік режимінде тауарларды орналастырған кезде белгіленген уақытша әкелу мерзімдері аяқталғанға дейін қолданылады.

Уақытша әкетудің кедендік рәсімі Кеден одағының Кеден кодексінің 288-бабына сәйкес мерзімдерді ұзарту мүмкіндігін ескере отырып, уақытша әкетудің кедендік режимінде тауарларды орналастырған кезде белгіленген уақытша әкету мерзімдері

аякталғанға

дейін

қолданылады.

Шарт күшіне енгеннен кейін Кеден одағына мүше мемлекеттерден Армения Республикасына және Шарт күшіне енгенге дейін Армения Республикасынан Кеден одағына мүше мемлекеттерге әкелінген (әкетілген) тауарларға қатысты уақытша әкелу (рұқсат) немесе уақытша әкету кедендік рәсімдерінің қолданысы тоқтатылады және мұндай тауарлар Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары мәртебесіне ие болады.

25. Шарт күшіне енгенге дейін Армения Республикасында кері экспорттың кедендік режимінде орналастырылған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап кері экспорттың кедендік рәсімінде орналастырылған деп танылады. Бұл тауарларға қатысты кедендік одағының Кеден кодексінің, өзге де кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де халықаралық шарттар мен Еуразиялық экономикалық Одақ құқығын құрайтын актілердің ережелері қолданылады.

Шарт күшіне енген күннен бастап қайта өңдеу үшін уақытша әкелудің кедендік режиміне сәйкес тауарларды қайта өңдеу бойынша операцияларды орындау нәтижесінде алынған қайта өңдеу өнімдерін әкету мақсатында Шарт күшіне енгенге дейін кері экспорттың кедендік режимінде орналастырылған тауарлар кері экспорттың кедендік рәсіміне орналастырылған деп танылады.

26. Шарт күшіне енгенге дейін Армения Республикасында жою және бажсыз сауда дүкендеріне әкелудің кедендік режимдерінде орналастырылған тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап жою немесе бажсыз сауданың кедендік рәсімдеріне орналастырылған деп танылады. Бұл тауарларға қатысты осы тармақта көзделген ережелерді ескере отырып, Кеден одағының Кеден кодексінің, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де халықаралық шарттар мен Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын актілердің ережелері қолданылады.

27. Шарт күшіне енген күнінен бастап Армения Республикасының аумағында құрылған бажсыз сауда дүкендерінде жолаушылардың өздерінің отыру талондарын көрсеткеннен кейін Еуразиялық экономикалық одақтың өзге мүше мемлекеттеріне, сондай-ақ Армения Республикасына бара жатқан әуе кемелерінің жолаушыларына:

бажсыз сауда дүкені иесінің кейіннен кедендік әкелу бажын төлеу және оның үлестіру шартымен, бажсыз сауданың кедендік рәсіміне орналастырылған шетелдік тауарларды ;

бажсыз сауданың кедендік рәсімінде орналастырылған Еуразиялық экономикалық одақ тауарларын сатуға рұқсат беріледі.

Армения Республикасы Еуразиялық экономикалық одақ құқығына кіретін кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін актілермен белгіленген кедендік баждарды төлеуден босата отырып, мұндай тауарлардың өту нормаларынан асып түсетін көлемде, бажсыз сауданың кедендік рәсімінде орналастырылған алкогольдік өнім мен сыраны, темекі мен темекі өнімдерін өткізу мүмкіндігін болдырмау міндеттемесін өзіне алады.

Шарт күшіне енгеннен кейін Армения Республикасының аумағында құрылған



бажсыз сауда дүкендерінде Еуразиялық экономикалық одақтың өзге де мүше мемлекеттеріне, сондай-ақ Армения Республикасына баратын әуе кемелерінің жолаушыларына өткізілген шетелдік тауарлар мұндай өткізуден кейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірілмей, Армения Республикасында акциздік салықты және қосылған құн салығын төлеусіз (төлеуден босатыла отырып) ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімінде орналастырылуға жатады.

Осы тармақтың бірінші – бесінші абзацтарының ережелері Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінде осындай (ұқсас) ережелер бекітілгенге дейін қолданылады.

Армения Республикасының аумағында құрылған бажсыз сауда дүкендерінде Еуразиялық экономикалық одақтың өзге мүше мемлекеттеріне, сондай-ақ Армения Республикасына баратын әуе кемелерінің жолаушыларына сатылған Еуразиялық экономикалық одақ тауарларына қатысты бажсыз сауданың кедендік рәсімі кеден органына Армения Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша есепті ұсынумен аяқталады.

### **Көлік құралдарына қатысты кедендік операцияларды орындаудың ерекшеліктеріне қатысты бөлігінде**

28. Еуразиялық экономикалық одақтың басқа мүше мемлекетінде немесе Еуразиялық экономикалық одақтың мүше мемлекеті болып табылмайтын мемлекетте тіркелген, Шарт күшіне енгенге дейін Армения Республикасының аумағына әкелінген көлік құралдары халықаралық жолаушылар және тауарлар тасымалын жүзеге асырған кезде, Шарт күшіне енген күннен бастап халықаралық тасымалдың көлік құралы деп танылады. Бұл көлік құралдарына қатысты кеден одағы Кеден кодексінің 48-тарауының, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге халықаралық шарттар мен Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын актілердің ережелері қолданылады.

29. Армения Республикасында тіркелген және Шарт күшіне енгенге дейін Армения Республикасының аумағынан әкетілген көлік құралдары халықаралық жолаушылар және тауарлар тасымалын осындай көлік құралымен жүзеге асырған кезде, Шарт күшіне енген күннен бастап халықаралық тасымалдың көлік құралы деп танылады. Бұл көлік құралдарына қатысты Кеден одағы Кеден кодексінің 48-тарауының кедендік қатынастарды реттейтін халықаралық шарттар мен Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын актілердің ережелері қолданылады.

### **Жеке пайдалануға арналған автомобильдердің мәртебесіне қатысты бөлігінде**

30. 2010 жылғы 18 маусымдағы Жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған тауарларды Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу және оларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі туралы келісімге (бұдан әрі –

Келісім) 5-қосымшамен белгіленген кедендік баждардың, салықтардың мөлшерлемелері ЕАЭО СЭҚ ТН 8702, 8703, 8704 21 және 8704 31 тауар позицияларында жіктелетін жеңіл автомобильдер және өзге де моторлы көлік құралдарына қатысты ЕАЭО БКТ белгіленген мөлшерлемелерді Армения Республикасы қолдана бастағанға дейін жеке тұлғалар жеке пайдалану үшін (бұдан әрі – автомобильдер) әкелетін, ЕАЭО СЭҚ ТН 8702, 8703, 8704 21 және 8704 31 тауар позицияларында жіктелетін жеңіл автомобильдер және өзге де моторлы көлік құралдарына қатысты Армения Республикасында қолданылмайды.

31. Келісімге 5-қосымшада белгіленгендерден ерекшеленетін мөлшерлемелер бойынша кедендік баждар, салықтар төленген үшінші елдерден Шартқа қол қойылғаннан кейін Армения Республикасының аумағына әкелінген автомобильдер, сондай-ақ осы қосымшаның 30-тармағында көрсетілген автомобильдер:

Кедендік баждардың, салықтардың төленген сомаларының және Келісімге 5-қосымшада көрсетілген мөлшерлемелер бойынша төленуге жататын кедендік баждардың, салықтардың сомаларының айырмашылығы мөлшеріндегі кедендік баждарды, салықтарды төлегенге дейін;

ЕАЭО СЭҚ ТН 8702, 8703, 8704 21 және 8704 31 тауар позицияларында жіктелетін жеңіл автомобильдерге және өзге де моторлы көлік құралдарына қатысты ЕАЭО БКТ белгіленген мөлшерлемелерін Армения Республикасы қолдана бастағаннан кейін 3 жыл өткенге дейін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттерде шетелдік тауар деп танылады.

Осы тармақтың күші ЕАЭО БКТ белгіленген мөлшерлемелер бойынша кедендік баждар төленген, Шартқа қол қойылғаннан кейін әкелінген автомобильдерге қолданылмайды.

32. Шартқа қол қойылғаннан кейін Армения Республикасының аумағына әкелінген автомобильдерге қатысты оларды Еуразиялық экономикалық одақтың басқа мүше мемлекеттерінің аумағына әкелген кезде кедендік баждар, салықтар сомаларымен Келісімге 5-қосымшада көрсетілген мөлшерлемелер бойынша төленуге тиіс төленген кедендік баждар, салықтар сомалары арасындағы айырмашылық Еуразиялық экономикалық одақтың осындай басқа мүше мемлекеттерінің аумағына әкелгенге дейін Армения Республикасының бюджетіне төленуі мүмкін.

33. Осы қосымшаның 30 және 31-тармақтарында көрсетілген автомобильдерге қатысты, оларды Еуразиялық экономикалық одақтың басқа мүше мемлекеттерінің аумағына әкелген кезде кедендік бақылау жүргізіледі, ал кедендік төлемдерді төлеу қажет болған кезде осы қосымшаның 34 және 35-тармақтарын ескере отырып, кеден одағының Кеден кодексімен, кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге шарттармен және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құратын басқа актілермен белгіленген тәртіппен кедендік операциялар жасалады.

34. Егер осы қосымшаның 30 және 31-тармақтарында көрсетілген автомобильдерге

қатысты кедендік баждар, салықтар осы қосымшаның 31-тармағының екінші абзацында көрсетілген мөлшерде Армения Республикасының бюджетіне Еуразиялық экономикалық одақтың басқа мүше мемлекеттерінің аумағына әкелгенге дейін төленбесе, мұндай кедендік баждар, салықтар кеден органының қызмет ету өңірінде мұндай автомобильдердің пайдасы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарлардың ету орындары орналасқан аймақта Еуразиялық экономикалық одақтың сол мүше мемлекетінің бюджетіне мұндай автомобильдерді кедендік декларациялау кезінде тиісінше төленеді.

35. Армения Республикасының аумағында тіркелген, осы қосымшаның 30 және 31-тармақтарында көрсетілген автомобильдер кедендік баждар, салықтар төлеместен және кедендік баждар, салықтар төлеуді қамтамасыз етуді енгізбестен, Армения Республикасында тұрақты тұратын адамдар ғана Еуразиялық экономикалық аумақтың басқа мүше мемлекеттерінің аумағына уақытша әкелінуі мүмкін. Еуразиялық экономикалық одақтың басқа мүше мемлекеттерінің аумағына мұндай автомобильдерді өзге адамдардың әкелуіне және пайдалануына, сондай-ақ оларды иеліктен айыруға, пайдалануға беруге, иеленуіне олардың Еуразиялық экономикалық одақтың сол басқа мүше мемлекеттерінің аумақтарында билік етуге олар осы басқа мүше мемлекеттердің кеден органдарында кедендік декларацияланғанда және осы қосымшаның 31-тармағын ескере отырып, кедендік баждарды, салықтарды төлеген жағдайда ғана рұқсат беріледі.

36. Армения Республикасының кеден органдары Еуразиялық экономикалық одақтың басқа мүше мемлекеттерінің кеден органдарын Шартқа қол қойылғаннан кейін Армения Республикасының аумағына әкелінген және еркін айналымға шығарылған автомобильдер туралы және мұндай автомобильдерге қатысты төленген кедендік баждар, салықтар сомаларының мөлшері туралы хабардар етеді.

37. Армения Республикасының аумағына Шартқа қол қойылғанға дейін әкелінген осы қосымшаның 30 және 31-тармақтарында көрсетілгендерді қоспағанда, автомобильдер Шарт күшіне енген күннен бастап Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып есептеледі.

Осы қосымшаның 30 және 31-тармақтарында көрсетілген автомобильдер ЕАЭО СЭҚ ТН 8702, 8703, 8704 21 және 8704 31 тауар позицияларында жіктелетін жеңіл автомобильдерге және өзге де моторлы көлік құралдарына қатысты ЕАЭО БКТ белгілеген мөлшерлемелерді Армения Республикасы қолдана бастағаннан кейін 3 жыл өткен соң, Келісімге 5-қосымшада көрсетілген мөлшерлемелер бойынша кедендік баждардың, салықтардың төленген сомалары мен төленуге жататын кедендік баждардың, салықтардың сомалары айырмашылығы мөлшерінде кедендік баждарды, салықтарды Армения Республикасының, Еуразиялық экономикалық одақтың мүше мемлекеттерінің бюджетіне төлену фактісіне қарамастан, Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары деп танылады.

#### **IV. Армения Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымындағы мүшелігіне байланысты мәселелер**

38. Армения Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа қосылуына байланысты Дүниежүзілік сауда ұйымының қағидаларына, сондай-ақ 2011 жылғы 19 мамырдағы Кеден одағының көп тарапты сауда жүйесі шеңберінде қызмет етуі туралы Шарттың 1-бабы 4-тармағына сәйкес Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшелерімен Армения Республикасының тиісті тарифтік міндеттемелерін өзгерту жөнінде келіссөздер жүргізіледі.

Аталған келіссөздерді директивалар негізінде осыған уәкілетті делегация жүргізеді. Делегация құрамы мен директиваларды Еуразиялық экономикалық комиссияның Кеңесі бекітеді және қажет болған кезде түзетеді.

Келіссөздер нәтижесінде қол жеткізілген уағдаластықтарды, оларды Дүниежүзілік сауда ұйымында түпкілікті қабылдау алдында Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі мақұлдайды.

39. Армения Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылуы жөніндегі Жұмыс тобының баяндамасында қамтылған Армения Республикасының міндеттемелері басқа Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге қолданылмайды.

#### **V. Кедендік-тарифтік реттеу мәселелері**

40. Шарт күшіне енген күнінен бастап ЕАЭО БКТ баждарының мөлшерлемелерінен ерекшеленетін кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін Армения Республикасы Шартқа № 4 қосымшаға сәйкес көзделген тізбе бойынша тауарларға қатысты өтпелі кезең ішінде қолданады.

Армения Республикасы ЕАЭО БКТ баждарының мөлшерлемелерімен салыстырғанда кедендік әкелу баждарының анағұрлым төмен мөлшерлемелері қолданылатын тауарларды пайдалануды өз аумағы шеңберінде ғана қамтамасыз етеді және ЕАЭО БКТ мөлшерлемелері бойынша есептелген кедендік әкелу баждары сомаларының және Армения Республикасының аумағына тауарларды әкелу кезінде төленген кедендік әкелу баждары сомаларының айырмашылығын қосымша төлемсіз басқа Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына мұндай тауарларды әкетуге жол бермеу жөнінде шаралар қолданады.

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы аталған тауарлардың өз аумағына келу тәртібін айқындауға құқылы.

Жүргізу, оларға қатысты Армения Республикасы ЕАЭО БКТ баждарының мөлшерлемелерінен ерекшеленетін кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері қолданылатын тауарлар мен мөлшерлемелер тізбесін өзекті етуді қоса алғанда, Шарт

күшіне енген күнінен бастап Еуразиялық экономикалық комиссия жүзеге асырады.

#### 41. Армения Республикасы:

1) көрсетілген халықаралық шарттарға сәйкес 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған Армения Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес (оның ішінде осы халықаралық шарттар шеңберінде жүзеге асырылатын бағдарламаларды 2015 жылдың 1 қаңтарынан кейін жүзеге асыру кезінде);

2) 2009 жылғы 26 маусымдағы «Армян-Үнді ақпараттық және коммуникациялық технологиялар оқу орталығын құру туралы» Армения Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға сәйкес оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін «Армян-Үнді ақпараттық және коммуникациялық технологиялар оқу орталығы» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ;

3) көлік құралдарын, велосипедтерді, су және әуе көлігін қоспағанда, 2013 жылғы 19 маусымдағы Армения Республикасының заңында 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін бекітілген «Халықаралық Дилижан мектебі» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұсынылған кедендік әкелу баждарын төлеу жөнінде жеңілдіктерді қолданады.

42. 2015-2025 жылдар кезеңінде кедендік әкелу баждарын өндіріп алудан босата отырып, Армения Республикасының аумағында өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін ЕАЭО СЭҚ ТН 1701 13 және 1701 14 қосалқы позицияларының тазартылмаған құрақ қантын ( бұдан әрі осы тармақта – тазартылмаған қант) әкелуге рұқсат беріледі.

Армения Республикасының заңнамасына сәйкес берілген, Армения Республикасының аумағындағы қант өңдеуші кәсіпорындарды қамтамасыз ету үшін әкелінетін тазартылмаған қанттың нысаналы мақсаты туралы Армения Республикасы уәкілетті органы растауының болуы Армения Республикасының аумағына тазартылмаған қантты өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін әкелудің шарты болып табылады.

Армения Республикасы Еуразиялық экономикалық комиссияға Армения Республикасындағы алдағы кезеңге қантты өндіру және тұтынудың қалыптасатын теңгеріміне сәйкес өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін тазартылмаған қантты әкелудің жыл сайынғы көлемі туралы хабарлайды.

Армения Республикасы өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін әкелінетін тазартылмаған қант, сондай-ақ осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тарифтік жеңілдікті қолдана отырып, әкелінген тазартылмаған қанттан өндірілген ақ қант Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының аумағына қайта жіберілмейтіндігіне кепілдік береді.

Осы тармақтың ережелері Армения Республикасының қантты Беларусь Республикасынан, Қазақстан Республикасынан және Ресей Федерациясынан әкелуге шектеу шараларын қолдануға негіз болып табылмайды.

43. Шарт күшіне енген күннен бастап 2 жыл бойы жылына 4 000 тоннадан аспайтын көлемде кедендік құнынан 10 пайыз мөлшеріндегі кедендік әкелу баждарын төлей

отырып, ЕАЭО СЭҚ ТН 1701 99 100 1 және 1701 99 100 9 кіші қосалқы позицияларындағы ақ қантты әкелуге рұқсат беріледі.

Армения Республикасының уәкілетті органы беретін ақ қант импортына лицензия әкелу шарты болып табылады.  
4 4 . М ы н а л а р :

1) Армения Республикасы Қарулы күштерінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін Армения Республикасына 2015-2022 жылдары кезеңінде әкелінуі жүзеге асырылатын және аналогтары басқа Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында өндірілмейтін, әскери мақсаттарда пайдалану үшін арнайы әзірленген немесе түрлендірілген тауарлар.

Армения Республикасының заңнамасына сәйкес Армения Республикасының Қорғаныс министрлігі берген түпкілікті пайдаланушының сертификаты әкелу шарты болып табылады ;

2) Армения Республикасының аумағы бойынша халықаралық тасымалдау және (немесе) ішкі тасымалдау үшін және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтары арасында пайдалану мақсаттарында Армения Республикасына 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін әкелінетін ең жоғарғы ұшу массасы 750 кг астам, бірақ 3 175 кг аспайтын, ЕАЭО СЭҚ ТН 8802 11 000 1 кіші қосалқы позициясына қосылатын азаматтық тікұшақтар; бос жаракталған аппараттың массасы 2 000 кг астам, бірақ 5 000 кг аспайтын және ең жоғарғы ұшу массасы 4 000 кг астам, бірақ 10 500 кг аспайтын, ЕАЭО СЭҚ ТН 8802 12 000 1 кіші қосалқы позициясына қосылатын азаматтық тікұшақтар; бос жабдықталған аппаратының массасы 2 000 кг аспайтын және ең жоғарғы ұшу массасы 750 кг астам, ЕАЭО СЭҚ ТН 8802 20 000 1 кіші қосалқы позициясына қосылатын азаматтық жолаушылар ұшақтары; бос жабдықталған аппаратының массасы 60 000 кг астам, бірақ 90 000 кг аспайтын, ең жоғарғы ұшу массасы 120 000 кг астам, бірақ 180 000 кг аспайтын, ЕАЭО СЭҚ ТН 8802 40 003 9 кіші қосалқы позициясына қосылатын азаматтық жүк таситын орташа магистральдық ұшақтар; бос жаракталған аппаратының массасы 160 000 кг астам, ең жоғарғы ұшу массасы 370 000 кг аспайтын, ЕАЭО СЭҚ ТН 8802 40 009 7 кіші қосалқы позициясына қосылатын азаматтық жүк таситын кең фюзеляжды алыс магистральдық ұшақтар;

Армения Республикасына 2016 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін әкелінетін, өндіруші елдің уәкілетті органы берген үлгі сертификатқа сәйкес айқындалатын, азаматтық жолаушылар орны 110 адамнан кем емес, бірақ 300 адамнан аспайтын, әуе кемелерінің ұшу жарамдылығын күтіп ұстауға жауапты уәкілетті орган мақұлдаған, жолаушыларды орналастыру сызбасына (LOPA) сәйкес айқындалатын, жолаушылар орны 110 адамнан кем емес, бірақ 300 адамнан аспайтын, оларды халықаралық тасымалдау және (немесе) Армения Республикасының аумағы бойынша және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағы арасында ішкі тасымал үшін пайдалану мақсатында Армения Республикасына 2017

жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 30 маусым аралығында әкелінетін ЕАЭО СЭҚ ТН 8802 40 003 5 және 8802 40 003 6 кіші қосалқы позицияларының азаматтық ж о л а у ш ы л а р ұ ш а қ т а р ы ;

осы тармақтың бесінші абзацында көрсетілген жеңілдікті қолданумен Армения Республикасына әкелінген және оларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағының шегінен тысқары жөндеуден немесе оларға техникалық қызмет көрсетуден кейін оларды пайдалану мерзімі ішінде Армения Республикасына әкелетін ЕАЭО СЭҚ ТН 8802 40 003 5 және 8802 40 003 6 кіші қосалқы позицияларының азаматтық ж о л а у ш ы л а р ұ ш а қ т а р ы ;

3) атом электр станциясын салу және оны кепілдік мерзімі ішінде пайдалану мақсаттары үшін Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2012 жылғы 19 наурыздағы № 9 шешімімен бекітілген Кеден одағының кедендік аумағына әкелінетін Тауарлар тізбесі бойынша Армения Республикасының аумағында атом электр станциясын салу және жаңғырту және оны кепілдік мерзімі ішінде пайдалану мақсаттары үшін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарлар Шарт күшіне енген күннен бастап кедендік әкелу баждарынан босатылады.

45. Армения Республикасы 41, 43 және 44-тармақтарда көрсетілген тарифтік жеңілдіктерді қолданумен әкелінген тауарларды өз аумағы шегінде ғана пайдалануды қамтамасыз етеді және ЕАЭО БКТ мөлшерлемелері бойынша есептелген кедендік әкелу баждары сомаларының және Армения Республикасының аумағына тауарларды әкелу кезінде төленген кедендік әкелу баждары сомаларының айырмашылығын қосымша төлемей Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағына мұндай тауарларды әкетуге жол бермеу жөнінде шаралар қолданады.

46. Осы қосымшада және Шартқа № 4 қосымшада көрсетілген ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарын ЕАЭО СЭҚ ТН өзгерген жағдайда, Еуразиялық экономикалық комиссия нақтылауы мүмкін.

## **VI. Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану мәселелері**

47. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын енгізу алдындағы тергеп-тексеру жүргізуге жауапты орган өз бастамасы бойынша немесе мүдделі тұлғаның өтініші бойынша Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттамаға (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 8 қосымша) сәйкес Шарт күшіне енген күніне Еуразиялық экономикалық одақта қолданылатын арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларына қатысты қайта тергеп-тексеру жүргізуі мүмкін.

Мұндай қайта тергеп-тексеруді бастау туралы шешім нәтижелері бойынша

қолданыстағы арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шараларын қолдану туралы шешім қабылданған тергеп-тексеру жүргізу кезінде Армения Республикасының нарығы бойынша деректерді есепке алу тиісті шараны енгізуге негіздердің елеулі түрде өзгеруіне әкеп соғуы мүмкін екендігіне жеткілікті дәлелдер болған жағдайда ғана қ а б ы л д а н у ы м ү м к і н .

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тергеп-тексеруге қатысты аяқталуы бойынша қайтадан арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақылық тергеп-тексеру басталуы мүмкін ең аз мерзімді айқындайтын Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 8 қосымша) 35, 110 және 175-тармақтарының ережелері қолданылмайды.

Осы Шарт күшіне енген күні Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында жүргізілетін тергеп-тексеру нәтижелері бойынша Шарт күшіне енгеннен кейін қабылданған арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдері Армения Республикасы аумағында тікелей қолданылуға жатады және осы тармақтың бірінші-үшінші абзацтарында көрсетілген тәртіппен қайта қаралуы мүмкін.

Шарт күшіне енген күннен бастап арнайы қорғау шаралары ретінде белгіленген импорттық квоталардың мөлшері 2011 – 2013 жылдар кезеңі үшін үшінші елдерден Армения Республикасына тиісті тауарлардың импорты көлемін ескере отырып түзетілуге жатады.

## **VII. Техникалық реттеу мәселелері**

48. 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 53-бабы 3-тармағы бірінші абзацының ережелерін Армения Республикасы көрсетілген ережелердің күшіне енуінің мынадай мерзімдері: 2 4 а й д а н к е й і н :

«Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (010-2011 КО ТР);

«Жиһаз өнімінің қауіпсіздігі туралы» (025/2012 КО ТР);

«Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторларының және оларға тіркемелердің қауіпсіздігі туралы» (031/2012 КО ТР); 4 8 а й д а н к е й і н :

«Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі» (014/2011 КО ТР);

6 0 а й д а н к е й і н :

«Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» (018/2011 КО ТР) белгіленетін Кеден одағының техникалық регламенттерін қоспағанда, Шарт күшіне енген күннен бастап 12 ай бойы қолданылады.

Армения Республикасында Кеден одағының техникалық регламенттерінің



е р е ж е л е р і м е н

қ а т а р :

